



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№1 5 қазан 2020 жыл сейсенбі



№1 5 қазан 2020 жыл дүйсенбі

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

Тәрбие сағаты

12




02.10.2020ж. колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Ұстаздар күні мерекесіне орай "Ұстаз-ұлағатты есім" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Жауаптылар: "Емдеу ісі" бөлімі 128Ф-11/20 тобының кураторы және 120 ЕА-11/20 тобының кураторы Егизбаева Ж.О.



07.09.2020ж. №1 жалпы білім беру және ізгілендіру пәндері ЦӘК төрайымы Байбосынова К.Ж. және ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен 5 қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдер күні мерекесіне орай, «Тіл мерейі-ел мерейі» тақырыбында онлайн әдеби-сазды кеш өткізілді.

Конкурс

13



5.09.2020-15.09.2020ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "ҚР колледждерінің ТОП 100 студенті" жобасын іске асыру мақсатында колледжішілік іріктеу кезеңі өткізілді. Іріктеу нәтижесінде топ жарып, аумақтық кезеңге келесі студентер өтті:
1) Омар Диана 404 топ. 2) Қалдыбаева Наргиза 301 топ. 3) Нұрғабұл Аружан 201 топ. 4) Амантаева Фариза 206 топ.

«Балауса» қыздар клубы


14



30.09.2020ж. "Балауса" қыздар клубының жетекшісі А.Н. Өскенбаева және мед. пункт фельдшері Н.Д. Сейдаливанов қатысуымен «Бүгінгі бойжеткен, ертеңгі асыл жар» атты қыздар жиналысы өтті. Қатысқандар "Мейіргер ісі" бөлімінің 103,105 топ студенттері.

Құттықтаймыз!

15



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2 шілде 2020 жылғы №212-Ө бұйрығына сәйкес облыстағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына рейтинг жүргізілді. Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ете білетін үздік колледжді анықтау, қолдау және мадақтау мақсатында өткізілген. «Ең үздік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы-2020» облыстық байқауында Жамбыл жоғары медициналық колледжі жүлделі 1-ші орынды жеңіп алып, 1 миллион теңге Сертификатына ие болды.



Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін Н.М. Мұраталиева Алғыс хатымен марапатталынды.



"World Skills Jambul-2020" облыстық чемпионатын өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова Алғыс хатпен марапатталынды.



«World Skills Jambul-2020» облыстық чемпионатын өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін колледж оқытушысы Ж.Б.Мырзагулова Алғыс хатпен марапатталынды.



06.10.2020 ж. өткен "WorldSkills Jambul-2020" облыстық чемпионатта I орынға, колледж атынан сайысқа түскен Сүйінбек Кәрім ие болды. Жамбыл облысының әкімдігі, білім басқармасының басшысы Г. Ходжабергенованың атынан берілген алғыс хатпен марапатталынды.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

- «Білім күні» 1
- Жас мамандардың әдістемелік отырысы 2
- Педагогикалық кеңес 3
- ҚР Президентінің жолдауы 4
- «Қарттарым-асыл қазынам» 5
- Облыстық чемпионат «WorldSkills Jambul-2020» 6
- Акция 7
- Ұстаздар күні 8
- «Ата заңды құрметтеу-негізгі міндетіміз» 9
- Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу 10
- Тренинг 11
- Тәрбие сағаты 12
- Конкурс 13
- «Балауса» қыздар клубы 14
- Құттықтау! 15

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№1 5 қазан 2020 жыл сейсенбі



№1 5 қазан 2020 жыл сейсенбі

«Білім күні»

1



01.09.2020ж. Колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова мен әкімшілік мүшелері онлайн режимінде Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі. Сонымен қатар, жаңа қабылданған топтарда куратор сағаттары өткізілді, топ кураторлары колледждің ішкі тәртібі мен ережелерімен таныстырды.

Педагогикалық кеңес

3

14.09.2020ж. Online режимінде педагогикалық кеңес өтті. Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау.
2. Қабылдау комиссиясының 2020-2021 оқу жылы жұмысының қорытындысы. Жауапты: қабылдау комиссиясының хатшысы: Қуанышбекова Л.Т.
3. 2019-2020 оқу жылының II жартысындағы студенттердің қарыздарын жою туралы есеп. Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Л.Т.
4. 2020-2021 оқу жылына педагогикалық ұжымы қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттарын бекіту:
 - педагогикалық кеңестің құрамы және жұмыс жоспары;
 - штаттық кесте, оқу жоспары мен оқу графигі;
 - әдістемелік кеңестің құрамы мен жұмыс жоспары;
 - колледжде жұмыс жасайтын комиссиялар және олардың құрамы, төрағалары;
 - ақылы және ақы төленбейтін кабинеттер мен зертханалардың меңгерушілері;
 - үйірме және спорт секцияларының жетекшілері;
 - циклдық-әдістемелік комиссиялар және олардың құрамы, төрайымдары;
 - топ жетекшілері;
5. 2019-2020 оқу жылындағы оқытушылар рейтингісі. Жауапты: оқу әдістемелік кабинетінің меңгерушісі: Иманбекова Ж.Б.
6. Әр түрлі мәселелер.

Жас мамандардың әдістемелік отырысы

2



09.09.2020ж. Әдістемелік отырыс. «Жас мамандарды кәсіптік бейімдеу» тақырыбында әдістемелік көмек.

Күн тәртібінде:

- 1.1. Жас мамандарға нақты көмек ұйымдастыруда диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу.
- 1.2. Жас оқытушылармен, жаңадан келген оқытушылармен танысу және педагог-тәлімгерлерді таныстыру. Жас оқытушының жұмыс орнына кәсіптік бейімделуі. Оқытушыға қойылатын талаптар.
- 1.3. Колледждің нормативтік актілері мен нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру. Педагогика қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын талаптар.
- 1.4. Қашықтықтан оқыту әдістері.
- 1.5. Білім беру мазмұны

а) Күнтізбелік жоспарларды және жұмыс бағдарламасын құрастыру ережесі.

ә) Сабақ жоспарларын жазу үлгісі. Сабақтың үш бірдей дидактикалық мақсаттылығы.

д) Топ журналдарын рәсімдеу бойынша кеңес.



ҚР Президентінің жолдауын түсіндіру

4



22.09.2020ж. Тараз қаласы Жастар ресурстық орталығы және колледж қызметкерлерімен бірлесе отырып, Қ.К.Тоқаевтың "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" тақырыбында халыққа жасаған жолдауын оқытушылар мен жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Қарттарым-асыл қазынам»

5



01.10.2020ж. колледж ұжымы және колледждің Бастауыш кәсіподақ ұйымы "1-қазан Халықаралық қарттар күні" мерекесіне орай, колледжге еңбегі сіңген ардагер-ұстаздарды құттықтады.



1.10.2020ж. Колледжінің белсенді студенттері және колледждің студенттер кәсіподақ ұйымы "1 - қазан Халықаралық қарттар күніне" орай, "Қарттарым қазынам" тақырыбында Тараз қаласының қарттарын құттықтап, ізгі тілектерін білдіру мақсатында акция ұйымдастырды.

Облыстық чемпионат «WorldSkills Jambul-2020»

6



06.10.2020ж. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының "Техникалық және Кәсіптік білім беруді дамыту орталығы "КММ жетекшілігімен" Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК "Медициналық және әлеуметтік көмек" кәсіби құзыреттілігі бойынша "WorldSkills Jambul-2020" облыстық чемпионаты өткізілді.

Акция

7



«Біз біргеміз!» акциясына колледж басшысы Ж.Н. Сарыбекованың бастамасымен Жамбыл жоғары медициналық колледжінен құрылған «Көмек» еріктілер жасақтары Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық көпбейінді балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК-ге және «Мейірім» денсаулық орталықтарына оттегі шарларын (кислородный баллон) тегін жеткізу жұмыстарына ат салысты.

Ұстаздар күні

8



02.10.2020ж. №3 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссия оқытушыларының ұйымдастыруымен "Ұстаз - ұлы тұлға" тақырыбында ұстаздар күніне арналған онлайн-мерекелік іс-шара өткізді. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ұжымды мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Колледждің кәсіподақ ұйымы ұстаздарға мерекелік сыйлық табыстады.

Ата Занды құрметтеу-негізгі міндетіміз

9



14.09.2020ж. колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, "Ата заңды құрметтеу-негізгі міндетіміз!" атты тақырыбында қашықтықтан танымдық сағаты өткізілді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу

10



21.09.2020ж. отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында, "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу" тақырыбында Тараз қаласы ПБ ӘЗЗҚТ аға инспекторы, полиция майоры Мусаева А.Б. ата-аналармен кездесіп, ой бөлісіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Тренинг

11



23.09.2020ж. тәрбие бөлімі, "Елу жылда-ел жаңа" ұйымымен бірлесе отырып, "Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына" тақырыбында тренинг өтті. Мақсаты: "Отбасы құндылығы", отбасы туралы ұғымдарын кеңейтуге, сүйе білуге үйрету.